

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 және 2003 жылғы 11 ақпандағы N 148 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 8 тамыздағы N 745 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 887 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 28.12.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) № 887 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 6 маусымдағы N 131 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 23-24, 228-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістік нормативінде:

реттік нөмірі 2-жолдың 3-бағанындағы "Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы" деген сөздер "Президенттің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) (Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.02.06. N 108 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі